

АҚЫНДЫҚ ПОЭЗИЯ ДӘСТҮРІ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ТАРИХЫНЫҢ НЕГІЗГІ АРНАСЫ

Әдебиет қоғам дамуымен қатар дамып, қоғаммен бірге өзгеріске ұшырап әрбір кезеңде өзіндік ізі қалып отырады. Академик З.Қабдолов «Әдебиет – ақиқат өмірдің сырлы суреті, халықтың көркем тарихы» дейді [1.20]. Тарихты әдебиетпен тығыз байланыстыра алатынымыз анық. Мұның айқын дәлелдері ретінде ғасырлар бойы халықтың басынан кешкен сан қилы тарихи оқиғаларды төл әдебиетімізде ақын, жазушыларымыз әдеби процесс негізінде дамытып, дәстүр жалғастығы арқылы кейінгі ұрпақтарға қалдыруда. Бұл пікірді ғылыми тұрғыдан қарасак, әдебиеттанушы Б.Майтанов былай дейді: «Көркем әдебиеттегі дәстүр туралы сөз бүкіл әдебиеттің тарихымен тығыз байланысты. Өнердегі көркемдік әдіс тәрізді дәстүр де көптеген субъективті факторларға тәуелді болғанмен, кең мағынада алғанда объективті құбылыс» [2. 10]. «Дәстүр әрдайым жаңашылдыққа кеп тіреледі, жаңашылдық өзгеше формаға еніп, дәстүрдің қайнауынан шығады да, қайталай дәстүрге айналады» [2. 52]. Дәстүр

мен жаңашылдық турасында өз ойлары мен тұжырымдарын білдірген зерттеушілер аз болмаған. Ә. Дербісәлин, М. Базарбаев, Н. Келімбетов, А. Егеубаев, Т. Тебегенов т. б. әдебиет зерттеушілері осы хақында сөз еткен, себебі олар әдебиет жайында жаза отырып, дәстүрге соқпай кете алмайды. Әдебиеттегі дәстүр прозада да, поэзияда да көрініс тауып отырады.

Ақындық поэзия дәстүріндегі шығармалар – қазақ әдебиетінің көркемдік сипатын танытатын дәстүрлі көрсеткіш. Қарапайым сөйлеудің ақындық поэзиямен өрнектелуіндегі ерекшеліктер халық эстетикасына тән танымды байқатады. Ахмет Байтұрсынов ақын жырларының сөз өнеріндегі даралығын атап көрсетеді. «Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) ақын тілі; 2) әншейін тіл. Ақын тілі – айрықша өң беріліп айтылған сөз; әншейін тіл – ондай өң берілмей, жай айтылған сөз. Ақын тілімен сөйлегенде сөзге айрықша өң берілгендіктен лебіз өрнегі болып шығады. Әншейін тілмен сөйлегенде сөзге өзгеше өң беріл-

